

ТЕМІРҒАЛИ ОРАЗҒАЛИҰЛЫ ЕСЕМБЕКОВ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Оразғалиұлы Есембеков 1953 жылдың 20-қазанында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның Сулышоқ ауылында дүниеге келген. Петропавл қаласындағы №2 мектеп-интернаттың түлегі. Кеңес Одағының қарулы күштерінің қатарында азаматтық борышын өтеген.

Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Мәскеу мемлекеттік университетінің «әдебиет теориясы» факультетін тамамдаған.

Ғылыми-оқытушылық жолы Қарағанды мемлекеттік университетінен басталған. 1980-82 жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің зерттеушісі болған, 1982-85 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыған, 1986 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. 1986-91 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, факультет деканының орынбасары, декан қызметтерін атқарған.

1991 жылы Қазақстан Үкіметінің шешімімен Түркістан мемлекеттік университетінің іргесін қалаушылардың қатарына енгізілген, жаңа университеттегі кафедра жасақтауға, факультет қалыптастыруға белсенді қызмет еткен. 1997 жылы докторлық диссертация қорғаған. 1997-99 жылдары А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі болған, университетте диссертациялық кеңестің ашылуына көп үлес қосқан, маман кадрлар дайындауға ат салысқан.

1999 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне қызметке шақырылған, аталмыш университеттің қазақ филология кафедрасының меңгерушісі ретінде ұжымның мүшелеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға жағдай жасаған. Қазіргі кезде кафедрада 10-ға жуық ғылым кандидаттары мен доценттер қызмет етуде. 2000 жылы университетте С. Мұқановтың мерейтойына байланысты алғаш рет қазақ тілінде халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырған.

Т.О. Есембеков 2001-2002 оқу жылынан бастап күні бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қызмет етіп келеді, ұжымның күнделікті өміріне белсене араласады, мәтін теориясы мен поэтикасы, аударма теориясы, көркем мәтіннің интерпретациясы, әдеби герменевтика пәндері бойынша дәрістер оқиды. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулеріне кеңес береді.

Темірғали Оразғалиұлы 3 ғылыми монографияның, 12 оқу құралының, 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы, оның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Қытай, Түркия, Ресей, Қырғыстан, Өзбекстан сияқты елдердің ғылыми басылымдарында жарық көрген. Екі мақаласы импакт-факторы бар басылымда, бір мақаласы Томсон-Рейдер тізіміне енген журналдарда жарияланған. Қазақ, орыс, неміс тілдерін меңгерген ғалымның осы тілдердегі еңбектері көпшілікке танымал. «Әдеби талдау амалдары» (Астана, 2012 ж.), «Көркем мәтін поэтикасы» (Алматы, 2013 ж.), «Казахская литература» (Алматы, 1995 ж.), «Драматизм и казахская проза» (Алматы, 1997 ж.), «Функции драматизма в художественном тексте»

(Алматы, 2013 ж.), «Әдеби талдауға кіріспе» (Қарағанды, 1989 ж.) атты еңбектер жоғарғы оқу орындарында кеңінен қолданылуда.

Ғалым әдебиет теориясы, мәтін теориясы, поэтология, әдеби компаративистика, аударматану сияқты ғылыми салалар бойынша халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасаған. Бірнеше ғылыми жинақтың ғылыми редакторы болған.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы аттестациялық комиссиясының сарапшысы қызметін атқарып, жемісті еңбегі үшін марапатталған. Жиырма жылға жуық уақыт бойы диссертациялық кеңестердің мүшесі болып, ғылыми мамандар даярлау ісіне белсене араласқан. Ғылыми басылымдардың редакциялық алқасының мүшесі болып жемісті қызмет істеуде.

Ғалымның тікелей араласуымен 12 ғылым кандидаты дайындалған, олар республиканың жоғары оқу орындарында игілікті қызмет атқарып, ұстаздарының еңбегін жалғастыруда.